

КӨШІРМЕ
КОПИЯ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
Жалғыз акционерінің
шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
«25» қарашаның 2009жылы

№ 4 14 қазан
№ 338-1943-АҚ 990140000483
15.06.1995

«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ
№ 4 14 қазан
№ 338-1943-АҚ 990140000483
9 11 қыркүйек

(жана редакция)

Ақтау қаласы
2009 жыл

КЕЛЕСІ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

1-бап.
ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. **«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ**, бұдан әрі «Қоғам» деп аталады, Маңғыстау мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық комитетімен (1995 жылғы 24 мамырдағы № 59/01-5 қаулы) «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестіктің ашық үлгідегі акционерлік қоғамға қайта құрылуының нәтижесінде құрылды.

2-бап.
ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ МЕН ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

2. Қоғамның толық атауы:

- | | |
|---------------------|---|
| - мемлекеттік тілде | - «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ»
Акционерлік қоғамы |
| - орыс тілінде | - акционерное общество
«МАНГИСТАУМУНАЙГАЗ» |
| - ағылшын тілінде | - «MANGISTAUMUNAIGAZ»
Joint-Stock Company |

Қоғамның қысқартылған атауы:

- | | |
|---------------------|----------------------------------|
| - мемлекеттік тілде | - «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ |
| - орыс тілінде | - АО «МАНГИСТАУМУНАЙГАЗ» |
| - ағылшын тілінде | - JSC «MANGISTAUMUNAIGAZ» |

3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, индексі 130000, Ақтау қаласы, 6 шағын аудан, 1-үй.

3-бап.
ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

4. «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы коммерциялық ұйым болып табылады.
5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, оның дербес балансы, банк шоттары бар, ол өз атынан мүлктік және жеке мүлктік емес құқықтарды иеленіп, жүзеге асыра алады, міндеттерді көтере алады, сотта талапкер және жауапкер ретінде бола алады.
6. Қоғамның мөрі, атауы көрсетілген бланкілері, қызметін атқаруға қажетті басқа да деректемелері бар.
7. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы Жарғыны басшылыққа алады.
8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.
9. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен Қоғам өзі орналасқан жерден тыс орналасқан, заңды тұлғалар болып табылмайтын және Қоғамның атынан және оның тапсыруымен өздері туралы Ереженің негізінде әрекет ететін филиалдарды және/немесе өкілдіктерді құруға құқылы.

10. Қоғамның осы Жарғыда реттелмеген бөліктегі құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

4-бап.

ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МӘНІ

11. Қоғамның қызмет етуінің негізгі мақсаты оның акционерлерінің мүдделері үшін таза кірісті алу болып табылады.
12. Қоғам қызметінің негізгі мәні мыналар болып табылады:
- 1) Мұнай мен газ кен орындарын барлау және игеру;
 - 2) Мұнай мен газды өндіру;
 - 3) Мұнай-газ шикізатын және қайта өңдеу өнімдерін өткізу;
 - 4) Телекоммуникация саласындағы қызмет;
 - 5) Ақпараттық-есептеу қызметтері;
 - 6) Химиялық, бұрғылау, мұнай-газ кәсіпшілік жабдықтарын, аппаратураларды және бақылау, аварияға қарсы қорғаныстар мен дабыл қағу жүйелерін, көтергіш құрылғыларды, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандар, ыдыстар мен құбырларды дайындау, монтаждау және жөндеу;
 - 7) Медициналық, дәрігерлік қызметпен айналысу, фармацевтикалық қызметтерді көрсету;
 - 8) Күзету қызметі;
 - 9) Қоғамның кен орындарының геологиялық құрылымы туралы ақпаратты алуға арналған зерттеу қызметі;
 - 10) Көмірсутегі шикізатын және оларды қайта өңдеу өнімдерін сатуды қоса алғанда, бағалау, өндіру, қайта өңдеу, маркетинг пен өткізу жұмыстарын жасау;
 - 11) Көмірсутегі кен орындарын бағалаудың және игерудің жаңа әдістері мен технологияларын сатып алу немесе әзірлеу;
 - 12) Кен орындарын жарақтандыру жұмыстарын жасау;
 - 13) Жер асты және жер үсті өнеркәсіп жабдықтары мен құрылғыларын салу және пайдалану;
 - 14) Жұмыстың қауіпсіздігін және қоршаған ортаның қорғалуын қамтамасыз ететін қызмет;
 - 15) Қонақ үй бизнесі саласындағы қызмет (қонақ үй қызметтерін көрсету).
13. Қоғам оның мақсаттарына қайшы келмейтін және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған кез келген басқа да қызмет түрлерімен айналысуға құқылы.
14. Заңнамаға сәйкес лицензиялауға жататын қызмет түрлерін Қоғам тиісті мемлекеттік орган берген лицензияның негізінде жүзеге асырады.

5-бап.

ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

15. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген заңды тұлғаның барлық құқықтарын пайдаланады.
16. Қоғам мыналарға құқылы, бірақ шектелмей:
- 1) сатып алу-сату; жеткізу; жалдау; айырбастау; заем; өз мүлкін, жауапкершілігін және кез келген басқа да мүдделерін сақтандыру шарттарын; өзге де азаматтық-құқықтық, соның ішінде шаруашылық жүргізу шарттарын қоса алғанда, мәмілелерді (шарттарды, келісім-шарттарды) жасауға, олардың орындалуын қамтамасыз етуге;
 - 2) тендерлерге, конкурстарға қатысуға, кепілдіктер беруге және алуға, мүлктік құқықтар мен міндеттерді иеленуге;
 - 3) соттарда, соның ішінде аралық соттарда талапкер және жауапкер ретінде болуға,

- сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін заң тұрғысынан қомақты болатын өзге де әрекеттерді жасауға;
- 4) еншілес ұйымдарды, филиалдарды, өкілдіктерді құруға, оларға өз мүлкінің есебінен негізгі және айналым қаражаттарын беруге және олардың қызмет ету тәртібін айқындауға;
 - 5) қатысу үлестерін, акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды иеленуге;
 - 6) меншігіне мүлікті сатып алуға, үйлерді, үй-жайларды, ғимараттарды, құрал-жабдықтарды, көлік құралдарын және өзге де жылжымалы әрі жылжымайтын мүлікті жалға алуға және тапсыруға немесе өтеусіз пайдалануға беруге, қолданыстағы заңнамаға сәйкес ақша қаражатын алуға және пайдалануға беруге;
 - 7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес патенттерге, авторлық құқықтарға, технологияларға, техникалық ақпаратқа иелік етуге және пайдалануға құқықтарды беруге және алуға;
 - 8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген шекте қаржы-шаруашылық қызметті жүргізуге;
 - 9) сенімхаттар мен міндеттемелерді беруге;
 - 10) бағалы қағаздарды шығаруға және оларды заңды әрі жеке тұлғалардың арасында орналастыруға.

6-бап.

ҚОҒАМНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

17. Қоғам өз мүлкінің шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапкершілік көтереді және өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік көтермейді.
18. Акционерлер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қоғамның қызметімен байланысты шығындар тәуекелін тек оларға тиесілі акциялар құнының шегінде ғана көтереді.
19. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

7-бап.

ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ

20. Осы Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады.

8-бап.

ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ

21. Қоғамның мүлкі оның қызметін қамтамасыз етуге, соның ішінде мұндай қызметтің нәтижесінде туындайтын міндеттемелерді қамтамасыз етуге арналған.
22. Қоғамның мүлкі:
 - 1) акционерлердің Қоғам акцияларының төлеміне берген мүлкінің;
 - 2) оның қызмет нәтижесінде алған кірістерінің;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша иеленген өзге де мүлкінің есебінен қалыптасады.

9-бап.

ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

23. Қоғамның жарғылық капиталы құрылтайшылардың (жалғыз акционердің) номиналды

күн бойынша және инвесторлардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес айқындалатын орналастыру бағалары бойынша акцияларды төлеу арқылы қалыптасады.

24. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайтуға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен акцияларды шығару және орналастыру арқылы Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен жол беріледі.

10-бап.

ҚОҒАМНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

25. Қоғам жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады. Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, тіркеу, орналастыру және солар бойынша есеп айырысу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалады.
26. Акциялардың шығарылымы мемлекеттік тіркеуге алынғаннан кейін Қоғам оларды орналастыруға құқылы. Қоғам орналастыратын акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркелуі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жасалады. Акциялар бағалы қағаздардың ұйымдаспаған нарығында жүргізілетін жазылу немесе аукцион не болмаса бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында жүргізілетін жазылу немесе аукцион арқылы орналастырылады.
27. Акция бөлінбейді. Егер акция жалпы меншік құқығында бірнеше тұлғаға тиесілі болса, олардың барлығы бір акционермен мойындалады және өздерінің ортақ өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқықтарды қолданады.
28. Акцияларды шығару, орналастыру, айналыста болу шарттары мен тәртібі акцияларды шығару проспектісінде белгіленеді.
29. Қоғамның бастамасымен немесе акционердің талабымен орналастырылған акцияларды Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатып алады.
30. Қоғам қосымша қаражатты тарту үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигацияларды шығаруға құқылы. Облигацияларды шығару, орналастыру, айналыста болу, оларды бойынша сыйақыны төлеу, облигацияларды өтеу және оларды өткізуден түскен қаражатты пайдалану шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және облигациялар эмиссиясының проспектісінде айқындалады.
31. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы әрі оларды айырбастау шарттары мен тәртібі тиісті эмиссия проспектісінде айқындалады.

11-бап.

ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

32. Қоғам акционері құқылы:
- 1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
 - 2) дивидендтер алуға;
 - 3) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты алуға, соның ішінде Жалғыз акционер немесе Қоғам Жарғысында белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
 - 4) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан бағалы қағаздарға деген меншік құқығын растайтын үзінді жазбаларды алуға;
 - 5) Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлауға кандидатуралар ұсынуға;
 - 6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;

- 7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраулар беруге, Қоғамға сұрау келіп түскен күннен бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауаптар алуға;
 - 8) Қоғам таратылған жағдайда оның мүлкін толығымен немесе ішінара бөлуге;
 - 9) Қоғамның акцияларын немесе акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен артықшылықпен сатып алуға.
33. Қоғам акционерлері міндетті:
- 1) акцияларды төлеуге;
 - 2) Қоғамның немесе оның қызметі туралы коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын басқа да ақпаратты жария етпеуге;
 - 3) он күннің ішінде Қоғам акциялар ұстаушыларының реестріне енгізілуге тиісті мәліметтерде өзінің тиесілі акцияларына қатысты мәліметтердің өзгергендігі туралы тіркеушіге немесе акциялардың номиналды ұстаушысына хабарлауға;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға.
34. Егер өзгесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленбесе, бір түрдегі акция оған иелік ететін әрбір акционерге осы түрлі акцияларға иелік ететін басқа акционерлермен бірдей көлемде құқықтар береді.
35. Жай акция акционерге шешім қабылдау қажет болатын барлық мәселелерді шешуге қатысу құқығын, Қоғамда таза кіріс болғанда дивидендтерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғам таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.
36. Акционерлер – артықшылықты акциялардың меншік иелері жай акциялардың меншік иелері – акционерлердің алдында алдын ала айқындалған кепілдік берілген мөлшерде дивиденд пен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғам таратылғанда оның мүлкінің бір бөлігін алуға басым құқығына ие болады. Қоғамның бір артықшылықты акциясына кепілдік берілген дивиденд мөлшері артықшылықты акциялардың номиналды құнының 10% құрауы тиіс.
37. Қоғамның артықшылықты акцияларының саны оның жарияланған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан артық болмауы тиіс.
38. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысуға құқық бермейді.
39. Акционерлердің осы бапта көзделген құқықтары шектеулі болып табылмайды. Акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтарды пайдалана алады.

12-бап.

ТАЗА КІРІСТІ БӨЛУ ТӘРТІБІ. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР

40. Қоғамның таза кірісі (салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленгеннен кейін) Қоғамның иелігінде қалады және Жалғыз акционердің шешімімен айқындалған тәртіппен бөлінеді.
41. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша өткен кезеңнің қорытындылары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер жылына кем дегенде бір рет қабылдайды. Жалғыз акционер тоқсан сайынғы немесе жарты жылдық негізде Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдай алады. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу, осы Жарғының 42-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам органының шешімін қажет етпейді. Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері осы кезеңде жай акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшерінен кем болмауы тиіс.

42. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша:
- 1) меншікті капиталының мөлшері теріс болғанда немесе егер Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болып қалса;
 - 2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі мен дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не болмаса аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтерді төлеуге жол берілмейді.
43. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді. Қоғамның бағалы қағаздарымен оның акциялары бойынша дивидендтерді төлеуге тек Жалғыз акционердің шешімі болғанда, мұндай төлем Қоғамның жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жасалуы шартымен ғана жол беріледі. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтерді төлеуге жол берілмейді.
44. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде ол осы шешімді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.
45. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу мерзімі басталмас бұрын бес жұмыс күнінің ішінде ол Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған мәліметтерді көрсете отырып, дивидендтерді төлеу туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.
46. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер толық төленгенге дейін оның жай акциялары бойынша дивидендтер төленбейді.

13-бап. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ

47. Қоғам органдары:

жоғарғы орган	Қоғамның жай акцияларының 100% меншік иесі («Жалғыз акционер») немесе артықшылықты акциялардың меншік иелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дауыс беруге құқылы болған жағдайларда акционерлердің Жалпы жиналысы.
басқару органы	Директорлар кеңесі
атқарушы орган	Басқарма
бақылау органы	Ішкі аудит қызметі

48. Қоғам органдарының құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалады.
49. Осы Жарғының мақсаттары үшін «Жоғарғы буын басшылары» деген термин Қоғамның төменде көрсетілген сегіз басшысына қатысты болады:
- Бас директорға
 - Бас директордың бірінші орынбасарына
 - Бас директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасарына
 - Бас директордың қаржы және бухгалтерлік есеп жөніндегі орынбасарына
 - Бас директордың заң және кадр мәселелері жөніндегі орынбасарына

- Бас директордың жұртшылықпен байланыс және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасарына
- Бас директордың өндірістік мәселелер жөніндегі орынбасарына
- Бас директордың геология және геофизика жөніндегі орынбасарына

14-бап.

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

50. Қоғамның жоғарғы органы Жалғыз акционер болып табылады.
51. Қоғамның барлық дауыс беруші акциялары Жалғыз акционерге тиесілі болғандықтан, акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілмейді. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер өз бетімен қабылдайды, олар жазбаша түрде ресімделіп, Жалғыз акционердің уәкілетті өкілі (уәкілетті өкілдері) қол қояды.
52. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
 - 1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе Қоғамның Жарғысын жаңа редакцияда бекіту;
 - 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ, егер осы кодекстің қабылдануы Қоғам жарғысында көзделген болса, оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
 - 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
 - 6) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ оларға төленетін сыйақы мен сыйлықақының мөлшері мен талаптарын айқындау;
 - 7) заңда белгіленген тәртіппен Қоғамға аудит жасайтын аудиторлық ұйымды айқындау;
 - 8) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
 - 9) есепті қаржы кезеңі үшін Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққанда дивиденд мөлшерін бекіту;
 - 10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлар басталған кезде Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;
 - 11) Қоғам акцияларының ерікті қосымша листингі туралы шешім қабылдау;
 - 12) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруы немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
 - 13) Қоғамның акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге хабарлау нысанын айқындау және егер қолданылатын болса, осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы шешім қабылдау;
 - 14) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына сәйкес Қоғам акцияларды сатып алған кезінде олардың құнын айқындау әдістемесін бекіту және сол әдістемеге өзгерістер енгізу;
 - 15) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту (егер

қолданылатын болса);

- 16) акционерлерге Қоғамның тәртібі туралы ақпаратты беру тәртібін айқындау, соның ішінде, егер мұндай тәртіп Қоғам Жарғысында айқындалмаса, бұқаралық ақпарат құралдарына мәліметтерді ұсыну тәртібін айқындау;
 - 17) Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының жылдық жұмыс бағдарламаларын немесе жылдық бюджеттерін (соның ішінде күрделі шығыстар сметаларын), сондай-ақ мұндай бағдарламалар мен бюджеттерге өзгерістерді бекіту;
 - 18) олар бойынша шешім қабылдау осы Жарғымен Директорлар кеңесінің немесе Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылмаған Қоғамға қатысты кез келген мәселелерді бекіту; және
 - 19) олар бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына және осы Жарғыға сәйкес Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
53. Жалғыз акционердің шешімдері жазбаша түрде ресімделеді және егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғам жарғысында өзгесі белгіленбесе, Жалғыз акционер лайықты түрде қол қояды.
 54. Жалғыз акционердің шешімдерінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген мәліметтер қамтылған.
 55. Жалғыз акционердің шешімдерін атқарушы орган сақтайды және акционерлердің танысуы үшін кез келген уақытта ұсынылады.
 56. Егер Қоғамның артықшылықты акцияларының меншік иелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дауыс беруге құқылы болған жағдайда, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысы шақырылуы, дайындалуы және өткізілуі тиіс.

15-бап.

ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

57. Директорлар кеңесі, осы Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне Жалпы басшылықты жүзеге асырады. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне, олар өз міндеттерін орындау кезеңінде Жалғыз акционердің шешімі бойынша және ол айқындайтын мөлшерде сыйақы төленуі мүмкін және(немесе) Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындаумен байланысты шығыстар өтелуі мүмкін.
58. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
 - 1) Қоғам акцияларын орналастыру (өткізу), соның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны туралы, сондай-ақ оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 2) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасын айқындау;
 - 3) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;
 - 4) Қоғамның жоғарғы буын басшыларын тағайындау және сайлау, олардың өкілеттік мерзімін айқындау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ олардың лауазымдық жалақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы мен сыйлықақыны төлеу талаптарын айқындау;
 - 5) Қоғамды немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру және мұндай берудің талаптарын айқындау;
 - 6) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Басқарма Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), соның ішінде Қоғамның бағалы қағаздарына аукциондар мен жазылуды өткізу шарттарын

- және тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 7) Қоғамға келтірілген шығындарға немесе зиянға қатысты жоғарғы буын басшыларына қатысты шағым-арыз беру;
 - 8) төлемдерді жасау тәртібін бекіту және сол сәтке қолданылатын мұндай еншілес ұйымның ішкі тәртіп ережелері мен жарғысын ескере отырып, Қоғамның еншілес ұйымының атынан төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаларды тағайындау;
 - 9) штаттық кестені, ұйымдық құрылымды, жалақыны төлеу тәртібін, жалақы мөлшерін және оны ұлғайту тәртібін, сондай-ақ Қоғамның қызметкерлеріне және еңбек қарым-қатынастары аясындағы Қоғам ережелеріне қатысты басқа да мәселелерді (олар бойынша шешім қабылдау осы Жарғымен Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда) бекіту;
 - 10) (i) тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) әлеуетті жеткізушілеріне қойылатын талаптарға қатысты конкурстық құжаттаманың талаптарын, сондай-ақ ұзақ мерзімді заем қаржыландыруын (бір жылдан артық мерзімге) тартуға, материалдар мен жабдықтарды жеткізуге, мердігерлік жұмыстарды орындауға арналған конкурстардың, сондай-ақ өзге де конкурстардың аясында мұндай өнім жеткізушілерді таңдау критерийлерін; және (ii) мердігерлер мен тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізушілерді таңдауға қатысты конкурстық және басқа да процедураларды қоса алғанда, Қоғамның ішкі тәртіп ережелері мен процедураларын бекіту;
 - 11) Қоғамның басқа серіктестіктер, акционерлік қоғамдар мен коммерциялық емес ұйымдар акцияларының он және одан артық пайызы (жарғылық капиталына қатысу үлестері) мөлшерінде, сондай-ақ шетел мемлекетінде пайда болған немесе құрылған консорциумдар мен басқа да заңды тұлғалардың он және одан артық пайыз мөлшерінде қатысу;
 - 12) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының он және одан артық пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алуы;
 - 13) Қоғамның бүкіл мүлкін немесе оның бір бөлігін кепілге қою;
 - 14) Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан артық пайызын құрайтын көлемге міндеттемелерін ұлғайту;
 - 15) Қоғамның (i) ірі мәмілелерді (Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында айқындалғандай); (ii) жасалуында Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді (Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында айқындалғандай); және (iii) осы Жарғыда жалпы құны 7,000,000 (жеті миллион) АҚШ долларынан асатын мәмілелер, келісімдер мен шарттар ретінде айқындалуы тиіс мәмілелерді (шикі мұнайды немесе мерзімі екі айдан аспайтын мұнайды сату жөніндегі келісім-шарттарды қоспағанда) жасауы;
 - 16) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;
 - 17) Қоғамның немесе оның кез келген еншілес ұйымының жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
 - 18) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамы мен өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның басшысы мен басқа да мүшелерін тағайындау, сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін айқындау, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі жұмысшыларының еңбекақысы мен сыйлықақысын төлеу мөлшері мен талаптарын айқындау;

- 19) Қоғам акцияларының төлеміне берілген не болмаса ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша (i) аудиторлық ұйымды және (ii) бағалаушыны таңдау және қызмет ақысының мөлшерін айқындау;
- 20) Қоғамның филиалдарын және (немесе) өкілдіктерін құру әрі жабу және олар туралы ережелерді бекіту;
- 21) акциялардың он және одан артық пайызы (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Қоғамға тиесілі болатын заңды тұлға акционерлерінің Жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері жөнінде шешім қабылдау;
- 22) бұрынғы тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;
- 23) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де коммерциялық құпиясын құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындау; және
- 24) Қоғамның инфрақұрылым объектілерін, мүлкі мен жабдығын жобалауға және салуға қатысты техникалық шешімдерді әзірлеу, қабылдау және бекіту тәртібін бекіту.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғам Басқармасының шешуіне берілуі мүмкін емес.

59. Директорлар кеңесі Басқарманың қызметін үнемі бақылап отыруға және Қоғамның қызметі заңнамаға, Қоғам Жарғысына және Жалғыз акционердің шешімдеріне сәйкес жүзеге асырылатындығын қадағалап отыруға міндетті.
60. Директорлар кеңесі Басқармадан Қоғам істерінің жай-күйі туралы есепті сұратуға, Қоғамның кітаптары мен құжаттарын, Қоғамның кассасын, бағалы қағаздарын, тауарларды, шикізатты, бұйымдар мен басқа да мүлікті тексеруге құқылы. Директорлар кеңесі тексеру міндеттерін Кеңес мүшелерінің біреуіне жүктей алады немесе кейбір мәселелерді анықтау үшін мамандарды тарта алады.
61. Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқылы емес.
62. Директорлар кеңесінің мүшелерін Жалғыз акционер сайлайды және Директорлар кеңесінің бұрын сайланған мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтаған жағдайда қайта сайлайды.
63. Директорлар кеңесі алты мүшеден тұрады, олардың екеуі тәуелсіз директор болуы тиіс.
64. Директорлар кеңесі мүшесінің бастамасымен оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасының негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте, Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіктері Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтайды.
65. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі мүшелері алтауынан бесеуінің дауысымен оның мүшелерінің арасынан сайланады және ол Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғыда айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады. Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстары тең болғанда Директорлар кеңесінің Төрағасы шешуші немесе қосымша дауысқа ие болмайды.
66. Егер Қоғам Директорлар кеңесінің отырысына Директорлар кеңесінің сайланған алты мүшесінің кем дегенде бесеуі қатысса, ол құқылы болып санады (соның ішінде, күмән келтірмес үшін төмендегі 69-тармағында көзделгендей бейне немесе телеконференция арқылы өткізілетін) және оның Төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша не болмаса мыналардың талабы бойынша шақырылуы мүмкін:
 - Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
 - Қоғамның Ішкі аудит қызметінің;
 - Ірі акционердің.
67. Директорлар кеңесінің отырыстары әрбір күнтізбелік жылы кем дегенде бір рет,

Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің бір дауысты шешімі бойынша айқындалатын орында, күнде және уақытында (бейне немесе телеконференция болған жағдайда – күнінде және уақытында) не болмаса өзге жағдайда Қоғамның заңды мекенжайы бойынша (жеке қатысуы арқылы не болмаса жоғарыда аталғандай бейне немесе телеконференция түрінде) өткізіледі.

68. Директорлар кеңесінің отырыстары Директорлар кеңесінің басқа мүшелерін отырыстың болжамды күн тәртібін көрсете отырып, отырысты өткізу күніне дейін кем дегенде 15 (он бес) күн бұрын хабардар ету шартымен, оның кез келген мүшесінің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.
69. Директорлар кеңесінің отырыстары жеке қатысу арқылы не болмаса бір жерде бірге қатыспастан бір бірімен (тікелей немесе бейне не телекоммуникациялық байланыс құралдары арқылы) сөйлесе алатын және оларды отырыстың барлық қалған қатысушылары бір мезгілде ести алатын Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуымен конференция арқылы өткізілуі мүмкін.
70. Осы 15-баптың ешбір ережесі Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің барлық 6 (алты) мүшесі қол қойған бір дауысты жазбаша шешімді қабылдауға тыйым салмайды (бұл ретте мұндай шешімнің, ол лайықты түрде шақырылған, жиналған және осы 15-бапта белгіленген тәртіппен өткізілген отырыста қабылданғандай етіп заң күшіне ие болады).
71. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы бар.
72. Қатысу тәртібімен өткізілген отырыста қабылданған Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері хаттамамен ресімделеді әрі оны Директорлар кеңесінің хатшысы отырыс өткізілген күннен бастап үш күннің ішінде жасап, оған отырыста төрағалық еткен адам қол қоюы тиіс.

16-бап.

ҚОҒАМНЫҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ

73. Қоғамның атқарушы органы Басқарма болып табылады.
74. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Басқарма жүзеге асырады. Басқарма Жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.
75. Басқарманың өкілеттіктері мен міндеттері:
 - 1) Қоғамның немесе оның еншілес ұйымдарының операциялық және (немесе) ағымдағы қызметіне қатысы бар және осы Жарғымен Жалғыз акционердің немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылмаған барлық мәселелер, егер көзделетін мәмілелердің құны не болмаса оларды жасау нәтижесінде туындап қалуы мүмкін нақты немесе әлеуетті міндеттемелер баламасы 7,000,000 (жеті миллион) АҚШ доллары болатын сомадан аспаса;
 - 2) Қоғам бөлімшелерінің кез келген басшыларын лауазымына тағайындау немесе қызметінен шеттету;
 - 3) Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының конкурстық комиссия мүшелерін сайлау әрі бекіту және тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) әлеуетті жеткізушілеріне қойылатын талаптарға, сондай-ақ мұндай өнім жеткізушілерді таңдау критерийлеріне қатысты конкурстық құжаттаманың талаптарын айқындау;
 - 4) Қоғамның немесе оның кез келген еншілес ұйымының баламасы 7,000,000 (жеті миллион) АҚШ доллары болатын жалпы сомаға мәмілелер, келісімдер мен шарттар;

- 5) өзгерістер мен толықтыруларды енгізу нәтижесінде болған мәміле, келісім немесе шарт құнының өзгеруі ондайлардың бастапқы құнының 10% аспаған жағдайларда, жоғарыдағы 75.4-тармаққа сәйкес бекітілген мәмілелерге, келісімдер мен шарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
 - 6) Қоғамның немесе оның еншілес ұйымдарының шикі мұнайды және орындау мерзімі екі айдан аспайтын мұнай өнімдерін жеткізу шарттары;
 - 7) Қоғамның немесе оның еншілес ұйымының не болмаса солардың қатысуымен талапкер, жауапкер немесе өзге де мүдделі тарап ретінде, шағым-талап сомасы немесе төленуге тиісті немесе жататын сома баламасы 3,000,000 (үш миллион) АҚШ доллары болатын сомадан асқан (немесе асып кеткен) жағдайда, кез келген шағымдарды, дауларды немесе сот немесе арбитражды істерді мәлім етуі, жүргізуі және реттеуі;
 - 8) Қоғам қызметкерлерін қызметке тағайындау және босату (Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерін қоспағанда), қызметке тағайындау, міндеттерді уақытша атқару, басқа қызметке аудару туралы және қызметкерлерді жұмыстан босату туралы бұйрықтарды шығару, қызметкерлермен еңбек шарттарын жасау және бұзу, қызметкерлерге сыйлықақы беру туралы шешім қабылдау, ынталандыру, сондай-ақ барлық қажетті тәртіптік жазалау шараларын қолдану;
 - 9) Қоғамның сенімхаттарын беру және шақыртып алу;
 - 10) Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының жылдық жұмыс бағдарламаларын және жылдық бюджеттерін әзірлеу (Жалғыз акционердің бекітуіне ұсыну үшін); және
 - 11) Қоғамның еншілес ұйымдарының директорлар кеңесі мен басқармасына тағайындауларды алдын ала бекіту.
76. Басқарма өз қызметіне және бөлімшелердің барлық басшыларын өз қызметін жылдық жұмыс бағдарламаларына, жылдық бюджеттерге, сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне және осы Жарғыға сәйкес бекітілген Қоғамның ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес жүзеге асыруға міндеттеуге тиіс. Керісі жайындағы кез келген ережелерге қарамастан, Басқарма да, бөлімше басшылары да тиісті жылдық бюджетпен белгіленгендерден артық шығындар жасауға немесе мұндай шығыстарға рұқсат беруге құқылы емес.
77. Шарт, келісім, құжат (соның ішінде сенімхат) немесе хаттар (сондай-ақ жоғарыда аталғандарға жасалған өзгерістер мен толықтырулар) Қоғам үшін міндетті күшке ие болу үшін оларға (Бас директордан және Бас директордың бірінші орынбасарынан тұратын) Басқарманың қос мүшесі немесе олардың аттарынан сенімхат бойынша әрекет ететін тұлғалар қол қоюлары, ол жазбаша түрде ресімделуі тиіс, бұл ретте, дегенмен Қоғамның барлық төлем құжаттарына (соның ішінде, өзгесінің арасында төлем тапсырмалары) Бас директордың қаржы және бухгалтерлік есеп жөніндегі орынбасары (немесе оның атынан жазбаша түрде ресімделген сенімхат бойынша әрекет ететін адам) қол қоюы тиіс.
78. Басқарма мүшелерін тағайындау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Кеңес отырысына қатысып отырғандардың арасынан жай көпшілік дауыспен жүзеге асырылады.
79. Басқарманың құрамына Бас директор және Бас директордың бірінші орынбасары кіреді әрі олар осы Жарғыға сәйкес тең бастамада өз қызметін жүзеге асырады.
80. Қоғамның еншілес ұйымдары акционерлерінің жиналыстарында Қоғам атынан әрекет ететін адамдарға жоғарыдағы 75.9-тармаққа сәйкес берілетін сенімхаттарда сенім

білдірілген тұлға жиналыста жасауы тиіс болатын әрекеттерге қатысты нақты нұсқаулықтар болуы тиіс, әрі бұл ретте ешқандай мәселелер сенім білдірілген тұлғаның қарауына қалдырылмауы тиіс. Бұл осы 80-тармаққа сәйкес берілген сенімхатпен рұқсат етілген жағдайларды қоспағанда, сенім білдірілген өкіл (i) өз бетімен өзіне міндеттемелер алуға немесе Қоғам атынан әрекет етуге немесе (ii) агенттерге немесе өзге де тұлғаларға сенімхаттар беруге не болмаса өзге де тәсілмен үшінші тұлғаларға уәкілеттік беруге немесе үшінші тұлғаларға өздеріне міндеттемелер алуға немесе Қоғам атынан әрекет жасауға рұқсат беруге құқылы емес.

17-бап.

ҚОҒАМНЫҢ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

81. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасау үшін Директорлар кеңесінің талабы бойынша құрамында төрт адамы бар Ішкі аудит қызметі құрылады, бұл ретте екі мүшенің кандидатурасын Бас директор ұсынады, ал қалған екеуінің кандидатурасын – Бас директордың бірінші орынбасары. Төрт мүшенің біреуі Ішкі аудит қызметінің басшысы болып тағайындалады. Ішкі аудит қызметінің басшысы қызметіне кандидатураны Бас директордың бірінші орынбасары ұсынады. Ішкі аудит қызметінің мүшелеріне ұсынылған кандидатураларды (оның басшысын қоса алғанда) Директорлар кеңесі бекітеді.
82. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы және Бас директор болып тағайындалуы мүмкін емес. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және соның алдында өз жұмысы жайында есеп береді.

18-бап.

ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНА КІРЕТІН АДАМДАРДЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛҒАН ЖОҒАРҒЫ БУЫН БАСШЫЛАРЫНЫҢ ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ

83. Қоғамның лауазымды тұлғалары, (Қоғамның Директорлар кеңесінің, Басқарманың мүшелері) және қалған жоғарғы буын басшылары өз құқықтары мен міндеттерін атқарған кезде Қоғам мүдделерінде әрекет етуі, оларға жүктелген міндеттерді шынайы орындауы және Қоғам мен акционерлердің мүдделерін барынша көрсететін тәсілдерді пайдалануы тиіс; Қоғамның мүлкі мен мүліктік құқықтарын пайдаланбауы немесе оларды осы Жарғыға және Жалғыз акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ өзінің жеке мақсаттары үшін пайдалануына жол бермеуі тиіс және өзінің аффилирленген тұлғаларымен мәмілелерді жасаған кезде тым асыра пайдаланбауы тиіс; Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың жария етілуін және берілуін бақылауы; Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауы, соның ішінде, егер өзгесі Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленбесе, Қоғамда өз жұмысын тоқтатқан сәттен бастап үш жылдың ішінде сақтауы тиіс.
84. Қоғамның Директорлар кеңесінің, Басқарманың мүшелері және қалған жоғарғы буын басшылары Қоғам алдында Қоғамға олардың кінәлі әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиян үшін, соның ішінде мыналардың нәтижесінде болған шығындар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді:
 - 1) жаңылыстыратын ақпаратты немесе алдын ала жалған ақпаратты беру;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ақпаратты ұсыну тәртібін бұзу.

19-бап.

ІРІ МӘМІЛЕЛЕР. ҚОҒАМНЫҢ МӘМІЛЕЛЕРДІ ЖАСАУЫНДА МҮДДЕЛІЛІГІ

85. Нәтижесінде құны Қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы; нәтижесінде Қоғам өзінің орналастырылған бағалы қағаздарын сатып алуы немесе орналастырылған бір түрдегі бағалы қағаздардың жалпы санының жиырма бес және одан да көп пайызы мөлшерінде олардың сатылып алынған бағалы қағаздарды сатылуы ықтимал мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы ірі мәміле деп мойындалады.
86. Ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құны Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес айқындалады.
87. Ірі мәмілені жасау туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.
88. Қоғамның жасалуында мүдделілік бар мәмілені жасауы туралы шешім оның жасалуында мүдделелігі жоқ Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.
89. Егер Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мен Жалғыз акционер мүдделі тұлғалар болып табылған жағдайда, Қоғамның жасалуында мүдделілік бар мәмілені жасау туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

20-бап.

ЕСЕПТІ ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ. ҚОҒАМ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

90. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.
91. Басқарма жыл сайын Жалғыз акционерге өткен жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті ұсынады әрі оның аудиті оны талқылау мен бекіту үшін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес өткізілді. Атқарушы орган Жалғыз акционерге қаржылық есептіліктен басқа аудиторлық есепті ұсынады.
92. Қоғам жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында жылдық қаржылық есептілікті жариялайды.
93. Қоғам жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізеді.
94. Қоғам акционерлердің мүдделеріне қатысты Қоғам қызметі туралы ақпаратты Қоғам өз акционерінің назарына жеткізеді.
- Қоғам акционерінің мүддесіне қатысты ақпарат деп келесілер танылады:
- 1) Жалғыз акционер қабылдаған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;
 - 2) Қоғамның акцияларды және басқа бағалы қағаздарды шығаруы, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын жоюы;
 - 3) Қоғамның ірі мәмілелерді жасауы және жасалуында мүдделілік бар мәмілелерді жасауы;
 - 4) Қоғамның заем алуы;
 - 5) Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін атқаруға лицензияларды алуы, Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін атқаруға бұрын алған лицензияларының күшінің тоқтауы немесе тоқтатылуы;
 - 6) Қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы;
 - 7) Қоғамның мүлкіне тыйым салу;
 - 8) нәтижесінде Қоғамның мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың орын алуы;
 - 9) Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;
 - 10) Қоғамды еркінен тыс қайта ұйымдастыру туралы шешімдер.

95. Қоғам Жалғыз акционерге және оның барлық акционерлеріне өндірістік, операциялық, қаржы және Қоғамның маркетингтік көрсеткіштері жөнінде тұрақты жазбаша есептерді (күн сайынғы, ай сайынғы, тоқсан сайынғы және жыл сайынғы) дер кезінде ұсынып тұрады.
96. Қоғам Жалғыз акционерге және оның барлық акционерлеріне Жалғыз акционер немесе оның кез келген акционері сұратқан Қоғамның операциялық қызметі туралы қосымша мәліметтерді жазбаша түрде дер кезінде ұсынады, бұл ретте, дегенмен, мұндай мәліметтерді ұсыну Қоғам қызметіне негізсіз кедергілер келтірмеуі және оны ұсыну шығыстарын талап еткен тарап төлеуі тиіс.
97. Қоғам Жалғыз акционерді және оның барлық акционерлерін негізді болжамдар бойынша Қоғамға, оның еншілес ұйымына немесе олардың қызметіне едәуір қолайсыз әрекет етуі мүмкін кез келген оқиғалар, фактілер мен жағдайлар туралы дер кезінде хабардар етеді.
98. Өзінің хабарламалары мен Қазақстан Республикасының заң актілеріне сай міндетті түрде жариялануы тиіс басқа да ақпаратты жария ету үшін Қоғам және оның акционерлері «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерін пайдаланады.
99. Қоғам акционердің талабымен акционерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті.
100. Акционер ақпаратты алу мақсатында Басқармаға хабарласады. Қоғам акционерге хабарласқан күннен бастап он бес күннің ішінде талап етілген ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) ұсынуға міндетті.
101. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Қоғам қызметкерлері тізімінің міндетті түрде жүргізілуін қамтамасыз етеді.
102. Қоғам Басқармасы Қоғамдағы бухгалтерлік есептің ұйымдастырылуына, жағдайына, дұрыстығына, тиісті органдарға жыл сайынғы есеп пен басқа да қаржылық құжаттаманың дер кезінде берілуіне, сондай-ақ Қоғамның қызметі туралы оның акционерлеріне және бұқаралық ақпарат құралдарына берілетін мәліметтерге жауап береді.

21-бап.

ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІ МЕН ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМҒА ОЛАРДЫҢ АФФИЛИРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУЫ

103. Қоғам аффилирленген тұлғалар немесе қоғам тіркеушісі ұсынған мәліметтердің негізінде олардың есебін жүргізеді.
104. Аффилирленген тұлғалар туралы мәліметтерді Қоғамға акционерлер, Қоғамның лауазымды тұлғалары және Қоғамның аффилирленген тұлғалары болып табылатын басқа да заңды әрі жеке тұлғалар аффилирленгендігінің пайда болған (жойылған) күнінен бастап 7 күннің ішінде ұсынады.
105. Қоғамға ұсынылатын аффилирленген тұлғалар туралы мәліметтерде мыналар болуы тиіс:
 - жеке тұлғалар туралы: тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, тұратын жері туралы мәліметтер, туған күні (күні, айы, жылы), аффилирленгендігін мойындау негіздері, аффилирленгендігінің пайда болған күні;
 - заңды тұлғалар туралы: толық атауы, мемлекеттік қайта тіркеу күні мен нөмірі, пошталық мекенжайы және нақты орналасқан жері, аффилирленгендігін мойындау негіздері, аффилирленгендігінің пайда болған күні.

22-бап.

ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

106. Қоғамның қайта ұйымдастырылуы (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.
107. Қоғам бөлу немесе бөліп шығару арқылы қайта ұйымдастырылған кезде Қоғам кредиторлары Қоғам борышкер болып табылатын міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатуды және шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.
108. Егер қайта ұйымдастырылған жағдайда Қоғам өз қызметін тоқтатса, оның жарияланған акцияларының күші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылуы тиіс.
109. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешімде Жалғыз акционер қабылдайды әрі ол кредиторлармен келісім бойынша және солардың бақылауымен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес тарату процедурасын айқындайды.
110. Қоғамды еріксіз түрде таратуды сот Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда жүзеге асырады.
111. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде басқаша көзделмесе, Қоғамды тарату туралы талапты мүдделі тұлғалар сотқа бере алады.
112. Қоғамды тарату туралы соттың немесе Жалғыз акционердің шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады.
113. Тарату комиссиясы Қоғамды тарату кезеңінде оны басқару және тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған әрекеттерді жасау өкілеттіктеріне ие.
114. Тарату комиссиясының құрамына Қоғам кредиторларының өкілдері, акционерлердің өкілдері, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес өзге де тұлғалар кіруі тиіс.
115. Қоғамды тарату процедурасы мен оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

23-бап.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

116. Егер осы Жарғының бір ережесі жарамсыз болып қалса, ол қалған ережелерге қатысты болмайды. Жарамсыз ереже құқықтық жағынан рұқсат етілген, мағынасы бойынша жақын ережемен ауыстырылады.
117. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін Жарғының өзгерістері мен толықтырулары Қоғамның Жалғыз қатысушысының шешімі бойынша енгізілуі мүмкін.
118. Қоғамның жұмыс тілдері орыс, ағылшын және қазақ болып табылады. Қоғам Жалғыз акционерге немесе оның акционерлеріне жолдайтын барлық есептер, қызметтік жазбалар мен хат-хабарлар орыс, ағылшын және қазақ тілдерінде жасалады.



24-бап.

КҮШІНЕ ЕНУІ

119. Осы Жарғы мемлекеттік қайта тіркеуге алынған сәттен бастап күшіне енеді.

Бас директор

Келісілді:

М.І. Құрбанбаев

Sun Xingyun

УТВЕРЖДЕН
Решением Единственного
акционера
АО «Мангистаумунайгаз»
от «25» ноября 2009 года

УСТАВ

АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА

«МАНГИСТАУМУНАЙГАЗ»

(новая редакция)

г. Актау
2009 год

Статья 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. **Акционерное общество «Мангистаумунайгаз»,** в дальнейшем именуемое «Общество», было создано Мангистауским территориальным комитетом но государственному имуществу (Постановление № 59/01-5 от 24 мая 1995 года), в результате преобразования Производственного объединения «Мангистаумунайгаз» в акционерное общество открытого типа.

Статья 2. НАИМЕНОВАНИЕ И МЕСТО НАХОЖДЕНИЯ ОБЩЕСТВА

2. Полное наименование Общества:

- | | |
|----------------------------|---|
| - на государственном языке | - «МАНҒЫСТАУМУНАЙҒАЗ»
Акционерлік қоғамы |
| - на русском языке | - акционерное общество
«МАНГИСТАУМУНАЙГАЗ» |
| - на английском языке | - «MANGISTAUMUNAIGAZ»
Joint-Stock Company |

Сокращенное наименование Общества:

- | | |
|----------------------------|----------------------------------|
| - на государственном языке | - «МАНҒЫСТАУМУНАЙҒАЗ» АҚ |
| - на русском языке | - АО «МАНГИСТАУМУНАЙГАЗ» |
| - на английском языке | - JSC «MANGISTAUMUNAIGAZ» |

3. Место нахождения исполнительного органа Общества:

Республика Казахстан, Мангистауская область, индекс 130000, город Актау, 6 микрорайон, дом 1.

Статья 3. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА

4. Акционерное общество «Мангистаумунайгаз» является коммерческой организацией.
5. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, исполнять обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.
6. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.
7. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан и законодательством Республики Казахстан, и настоящим Уставом.
8. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах юридических лиц.
9. В порядке, предусмотренном законодательными актами Республики Казахстан, Общество вправе создавать филиалы и/или представительства, расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от

имени и по поручению Общества на основании Положения о них.

10. Правовое положение Общества в части, не урегулированной настоящим Уставом, регламентируется законодательством Республики Казахстан.

Статья 4.

ЦЕЛЬ И ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА

